

«АДАМДАР ЖҮРЕГІН СЕЗІНУ!»

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ КОРПОРАТИВТІК HR-ФОРУМЫ

Дәл осындай тақырыппен қарашаның 9-10 күндері Астанада «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ корпоративтік HR-форумы өтті. Шараға «Ембімұнайгаз», «Өзенмұнайгаз», «Қаражанбасмұнай», «Қазгермұнай» БК компанияларының және «Argumak TransService», «ҚазГӨЗ», «Кен-Құрылыс-Сервис», «Карповский Северный», «ӨзенМұнайСервис», «Орал Ойл энд Газ», «Тұлпар Мұнай Сервис», «KMG EP-Catering», «Су өндіру және тасымалдау», «Технологиялық транспорт және ұңғымаларға қызмет көрсету», «Мұнай дайындау және өндірістік қызмет көрсету», «Ұңғымаларға қызмет көрсету», «Технологиялық транспорт», «Химияландыру және экология», «Өзенэнергомұнай», «Мұнай өнеркәсіп қондырғылары және технологиялық коммуникацияларды жөндеу», «Өндірістік-техникалық қызмет көрсету және жабдықтармен комплектациялау», «Бұрғылау жұмыстары», «Автоматтандыру және телекоммуникация», «Корпоративтік оқу орталығы» мекемелері HR қызметінің жетекшілері мен мамандары қатысты.

«Самұрық-Қазына»ҰӘҚ, «ҚазМұнайГаз»ҰК, «Шелл Қазақстан», «Agip Kargachaganak B.V.», «Теңізшевройл», «Oil Construction Company», «ҚазТрансГаз», «Интергаз Орталық Азия», «Амангелді Газ», «ҚМГ өндіру және бұрғылау технологиясы F3I», «ҚазТрансОйл», «KEGOC»

компанияларының адам ресурстарын басқару салаларының басшылары мен мамандары форум қонағы болды. Жыл сайынғы бас қосу биыл ерекше форматта өтті. «Адамдар жүрегін сезіну!». Осы бір ізгілікке толы сөйлем форумның барлық басылымдық, бейнебаяндық, ақпараттық қолдау материалдарында көрініс тапты.

Форумға қатысушыларға «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директоры Құрманғазы Есқазиевтің құттықтау лебізі жолданды. Онда аталмыш шараның HR қызметі саласындағы білім мен тәжірибе алмасуда, сондай-ақ корпоративтік әріптестік пен өзара қарым-қатынасты нығайтуда маңызды оқиға екені баса аталды. Компания басшылығы форумның өтуіне үлкен қолдау білдірді.

Форумда сөз сөйлеген «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Аппарат басшысы Бауыржан Асқаров қатысушыларға ізгі тілегін білдіріп, бүгінгі күні адам капиталы мен интеллектуалдық ресурсқа айрықша маңыз беріліп отырғанына назар аударды. «Адам капиталы – компанияның басты құндылығы. ҚМГ БӨ жетістіктері көп жағдайда қызметкерлердің кәсіби әлеуетін барынша мол іске асырудағы жұмыстардың нәтижесінде қол жетті. Әр компанияның мақсат, міндеттері бар. Оның іске асып, шешімін табуында HR қызметі көп күш салып жатыр. Уақыт бір орында тұрмайды, даму үстінде. Жаңа талаптарды қояды. Биылғы

жылы жазда халықаралық ынтымақтастық аясында біраз жұмыстар атқарылды. EXPO-2017 халықаралық көрмесі аумағында ҚМГ БӨ және Epi S.p.A. компаниясымен аффилирленген «Аджип Қазақстан Б.В.», сондай-ақ И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай-газ университетімен өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы Меморандумдарға қол қойылды.

Қазіргі уақытта «Ембімұнайгаз», «Өзенмұнайгаз» компанияларының қызметкерлері Ресей мемлекеттік мұнай-газ университетінде магистрлық бағдарлама бойынша оқуда. Осы аталған оқу орнымен қол қойылған Меморандум аясында біздің кәсіпорындардың 115 қызметкері үшін арнайы оқыту бағдарламасын дайындау ісіне кірістік. Бағдарлама геология, геофизика, ұңғымаларды жерасты және жерүсті жөндеу бағыттарын қамтиды. Меморандум аясында Шелл компаниясының өндірістерінде біздің қызметкерлердің оқу-тәжірибе алмасудан өту шараларын жоспарлауды қолға алмақпыз. Epi S.p.A. компаниясымен өзара ынтымақтастығымыз өте жақсы дамуда.

4-7-беттерде >>>

Бүгінгі санда:




Мұнайшылар Миланға оқып, білім алды!

2 >>>



Дуалдық оқытудың көмегі тигі

7 >>>



Еңбегі елеулі мамандар

8 >>>

Мұнайшылар Миланда оқып, білім алды!

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ мұнайшы жастарға үлкен мүмкіндік жасады

Мұнай өндірісінің өзегінде жүрген мұнайшы жастың көкейінде талай арман жатуы мүмкін. Мамандығын шын сүйген жан мүмкіндік болса оны әрдайым жетілдіре түскенді қалайды. Озық техника және технология жетістіктерін меңгерсем деп армандайды. Себебі ол өзінің болашағын еңбек етіп жатқан компания келешегімен байланыстырады. Өндірістің дамуына жаңа леп әкеліп, үлес қоссам деген ой жетегінде жүреді. Осындай жастардың

арманы орындала бастады. Жастардың алғашқы легі биылғы жылы Италияда Eni S.p.A. компаниясында жарты жыл бойы оқу-тәжірибелік курстан өтіп, елге оралды. Мұндай мүмкіндікті әрдайым жастарға қолдау көрсетіп, болашағына бағыт-бағдар беріп, бастамаларына көмек көрсетіп келе жатқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ жасады. Компания басшылығы қабылдаған шешімді мұнайшы жастар қуанышпен қабылдады. Компания жастарға үлкен үміт

артып отыр. Өйткені, келешегіміз – осы жастар! Атап айтар жайт, биылғы жылы маусым айында EXPO-2017 халықаралық көрмесі аумағында Италия Республикасының павильонында «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ және Eni S.p.A. компаниясымен аффилирленген «Аджип Қарашығанақ Б.В.» компаниясы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Тараптар барлау және көмірсутегін өндіру саласындағы ынтымақтастықты дамытуға келісті.

Eni S.p.A. – бұл әлемнің 70 елінде бизнес жүргізіп отырған халықаралық ірі компания. Компания акциялары Милан және Нью-Йорк (NYSE) қор биржаларында айналымда. Eni компаниясы қызметінің үш негізгі бағыты: көмірсутегін барлау және өндіру, газ және электроэнергетика, мұнай өңдеу және сату.

Мұнайшы жастар Eni S.p.A. халықаралық компаниясынан қандай тәжірибе жинап, білім бағажымен оралды? Назарларыңызға осы мұнайшы жастардың пікірлерін ұсынамыз.



Берік Бердензаров.
«Өзенмұнайгаз» АҚ-ның геология және геофизика департаменті геофизика бөлімінің аға геофизигі:

– Алдымен, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ және «Өзенмұнайгаз» АҚ басшыларының бізге әлемдік компанияларда тәжірибе алмасуға және білімімізді тереңдетуге мүмкіндік бергеніне алғысымды білдіргім келеді.

Қысқаша, еңбек жолыма тоқталсам, өндірістік тәжірибемді №4-ші Мұнай газ өндіру басқармасына қарасты №4-ші Мұнай газ өндіру кәсіпшілігінде 3-ші дәрежелі оператор, техник-геолог, инженер-геолог, жетекші-геолог қызметкері лауазымдарында бастадым. Әрі қарай №4-ші МГӨБ-тің геология және игеру бөлімінде еңбек еттім. Қазіргі уақытта «Өзенмұнайгаз» АҚ геология және геофизика департаментінің геофизика бөлімінде аға геофизик болып еңбек етемін.

Италия мемлекетінің Милан қаласына ұзақ мерзімге тәжірибе алмасуға, білімді шыңдауға жолданатын қызметкерлердің тізіміне енгенімді басшылардан естігенімде қатты қуандым. Содан, көп ұзамай 2017 жылдың қаңтар айында Милан қаласына жол жүрдік. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ мен Eni S.p.A. компаниялары арасында келісіліп, жасақталған бағдарлама бойынша оқу модульдік түрде мұнай-газ өндіру процестері мен әрекеттерін толық қамтитын орта дәрежелі жетекшілерге арналды. Оқыту түрлері төрт ай теориядан, оның ішінде сыныпта өткізілген лекциялар мен теориялар

және объектілерге барып, көру қамтылды. Ұстаздар мен оқу тренерлері мұнай саласындағы техникалық сарапшылардан және Eni компаниясының қызметкерлерінен құралған. Оқу бағдарламасы геология және геофизика, кен орынды игеру, бұрғылау және күрделі жөндеу, мұнай өндіру кезіндегі техникалық қызмет көрсету, экология мен техникалық қауіпсіздік салалары бойынша өткізілді. Әр өткізілген модульдің соңында жазбаша түрде тест тапсырылды және тесттің қорытындысы бойынша инструкторлармен өткен тақырыптар қосымша талқыланды. Геология және геофизика модулінде седиментология, петрография, стратиграфия, геохимия, барлау кезіндегі геофизика зерттеу түрлері және т. б. тақырыптарын қамтыған модульдер өткізілді. Eni компаниясының геология және геофизика мамандарының кәсіби дәрежелері өте жоғары деңгейде және білікті мамандар екеніне көз жеткізді. Модульдік оқу аяқталғаннан кейін, екі ай шамасында Eni S.p.A. компаниясының Бас кеңселерінде тәжірибеден өттік. Тәжірибе кезінде Eni мамандарының тәсілімен Өзен кен орнының 4, 4а және 5 қатарға жоспарланған бұрғылау скважиналарына жан-жақты талдау жасақталып, қосымша тәжірибе алдық.

Әсерлі және тәжірибеге мол ұзақ мерзімді іс-сапарым ойымнан шықты. Компания басшыларына тағы да рахметімді айтамын.

Сәкен Нұржанов.

«Өзенмұнайгаз» АҚ Игеру департаментінің аға инженері:

– «Өзенмұнайгаз» АҚ жүйесінде 2011 жылдан бері еңбек етемін. Ал, Игеру департаментінде бір жарым жылдан бері істеймін. «Өзенмұнайгаз» АҚ МГӨБ-4-те қабат қысымын сақтау цехының инженер геологы және геология бөлімінде бұрғылау және КЖЖ инженері болып еңбек еттім. Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің түлегімін. Компанияның мұнайшы мамандарды Италияға Eni S.p.A сияқты ірі халықаралық компанияға оқуға жіберу тәжірибесі өте ұнады. Төрт ай теория оқып, екі ай тәжірибе алмасудан өттік. Теория оқыту кезінде «Volgiano» және «Sortomaggiore» зертханаларына және Италияның Равенна, Джела қалаларында орналасқан газ кен орындарына барып, тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болдық. Зертханалары өте керемет, үлкен екен. Мысалыға айтсақ, бұрғылау кезінде алынған кернді зерттейтін медицинадағы томография секілді оның әрбір миллиметріне дейін үлкейтіп қарай алатын құрылғылар бар. Бұл алынған керндер кен орынның моделін жасаған кезде, жер астындағы жыныстардың қалай орналасқандығын дәлірек айтуға өте қатты көмектеседі. Техникалық қызмет көрсету кезінде парафиндер, асфальтендер, гидраттар, т.с.с. зиянды заттар мұнай өндіруде кері әсерін тигізетіні анық. Зертханаларда аталған зиянды заттармен күресу әдістерімен қоса, алдын алу мақсатында жасалатын көптеген профилактикалық жұмыстардың әдістерімен таныстық. Зауытқа барғанда да барлық технологиялық процестердің автоматтандырылғанын көрдік. Мысалыға айтатын болсақ, газ ұңғысына барған

кезде шетелдік әріптестеріміз «Мына ұңғыға бір апта бұрын келгенбіз» дейді. Бізде мысалы, ол ұңғының басына күнде барып, оның қысымын өлшеп, газын қолмен шығарып жүретін болсақ, оларда қандай да бір ақау шыққанда немесе қызмет көрсету кезінде ғана барады. Ұңғыда болып жатқан барлық процесті, ақпаратты зауыттағы орталықтандырылған компьютерден көріп отырады. Экология және техникалық қауіпсіздік жағынан да барлығы жақсы дамыған. Газ өндіру платформасына барар кезде қатаң ережелермен танысып, нұсқаулықтар жүргізілгеннен кейін ғана баруға мүмкіндік беріледі.

Тәжірибе алмасу кезінде Petrel, Petroleum Experts, Eclipse секілді компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істедік. Әрине, бұрын көрмеген шетелдік компьютерлік бағдарламалармен ағылшын тілінде жұмыс істеу оңайға түспеді. Алайда, Eni мамандарының біліктілігінің арқасында оқуымызды ойдағыдай аяқтап шықтық деп ойлаймын. Басшылардың бізді осындай алып компанияға оқу-тәжірибе курсына жібергені өте қатты ұнады. Арамызда техникалық қауіпсіздік және экология саласының мамандары да болды. Олар да бізбен бірге геология, кен орындарды игеру және бұрғылау жұмыстары секілді тақырыптарда өткізілген дәрістерді оқыды. Жалпы өз ойым, бір бағыт бойынша оқуға жіберген жақсы деп ойлаймын. Жалпы оқу орны ретінде Италия елі болғаны өте ұнады. Адамдары да, табиғаты да бөлек, көп нәрсеге көзқарасымыз өзгереді. Ел көру, оқу, тәжірибе жинау жақсы дүние. Осындай мүмкіндік жасаған Компания басшыларына алғысым шексіз.



Нұрлан Балғымбаевтың туғанына 70 жыл



найы жолдаған ізгі тілек-сәлемін көпшілікке оқып берді. Онда Нұрлан Балғымбаевтай асыл ұлдарын ұлығылаған елдің бұл ардақты ісі бірлік пен тірлікті, ерге деген құрметті білдіретіні айтылса, ҚР Парламент Сенатының төрағасы Қ.Тоқаев өз жедел хатында «Нұрлан Өтепұлындай қарымды қайраткердің еліне сіңірген еңбегі ұшан-теңіз, ол тәуелсіздігімізді баянды етуге барын салған, еліміздің мұнай саласының жедел жетіліп дамуына өлшеусіз үлес қосқан нағыз азамат» деп айрықша атап көрсетілген.

Махамбет Өтемісұлы атындағы Атырау облыстық драма театрында мұнайшы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нұрлан Балғымбаевтың туғанына 70 жыл толуына орай еске алу кеші өтті. Оған қазақ мұнай өнеркәсібі басшылары, ардақты азаматпен үзеңгілес, қанаттас болған достары, әріптестері, мұнайшылар, марқұмның жары Нағима, ұлы Төлеген мен қызы Самал, немерелері қатысты. Кешті жазушы-драматург Рақымжан Отарбаев алғы сөзбен ашып, Нұрлан Өтепұлының еліміздің тәуелсіздігіне, саяси-экономикалық дамуына қосқан үлесін, еліміздің мұнай өнеркәсібінің өркендеуіне сіңірген еңбегі туралы айтып өтті. Әсіресе оның адами қырларын сипаттап, елдік мәселелерді шешудегі табандылығын, ұтымды пікірлерін, іскерлігін баса айтты. Ол сондай-ақ, Қазақстанның Ресейдегі елшісі И.Тасмағамбетовтың осы шараға ар-

қонақтарға қош келдіңіз айтқан Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары С.Лұқпанов өңір басшысының сәлемін жеткізіп, Атырау аймағы үшін Нұрлан Балғымбаев мұнайшылар династиясының белді өкілі, майталман мұнайшы, мемлекет қайраткері, асыл азамат болып қала беретіндігін атады. Әріптестері Ұ.Қарабалин мен Н.Шманов Нұрлан Өтепұлының қайраткер ретіндегі сан қырын ашып, Мәскеуде, шет елдерде алған тәжірибесін ел мұнай өнеркәсібінің дамуына шебер жұмсағандығын атап айтты. Ұзақбай Қарабалин: «Нұрлан бізге әрі басшы, әрі аға, әрі әріптес ретінде ыстық. Ол үнемі тек жұмыс бабында ғана емес, салауатты өмір салтын ұстану, қоғамдық мәселелер бойынша да ақыл-кеңесін айтып жүретін» деп еске алды. Оның жарқынды істерін бүгінгі ізбасарлары абыроймен жалғастырып келе жатқанын айтып, Kazenergy ассоциациясының төрағасы Т.Құлыбаев-

тың, ҚР Энергетика министрі Қ.Бозомбаевтың, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы С.Мыңбаевтың жолдама-хатын оқыды. Онда: «Қазақ мұнайының бастауында Балғымбаевтар әулеті аталады. Соның ішінде Нұрлан Өтепұлы саланың тәуелсіздік жылдарында оң жолға қойылуына, қарыштап дамуына ерекше еңбек сіңіргенін білеміз. Оның жарқын жүзі бәріміздің жадымызда сақталады» деген жолдар бар.

Сонымен қатар, Нұрлан Өтепұлымен қоян-қолтық араласа бірге қызмет еткен белгілі мұнайшылар Мақсат Қилыбаев, Меңдеш Салихов, Ғалиаусат Кешубаев қайраткер азаматтың Қазақстан мұнай-газ өнеркәсібі министрі, Қазақстанның Премьер-министрі болып тұрған кезіндегі іскерлік қабілеттерін, ел ырысының далаға шашылмауына жаны күйіп еңбек еткенін үлкен ынтымамен жеткізіп, оның қашан да тұтас мемлекетке тиімді ұтымды пікірлер айтып, соны бұлжытпай орындаушылығын баса атап өтті. «Нұрлан Өтепұлының есімі аталған жерде біз мұнай кәсіпшілігін қоса айтамыз. Өйткені саланың жаңаша дамуы, инвесторлармен тығыз байланыс, өнімді тиімді өндіру – оның жанын салып кіріскен істері. Қазіргі мұнай саласының дамуы өз кәсібінің майталманы Н. Өтепұлы салған ізбен

келе жатыр. Осы шараны ұйымдастыруда да мұнайшылар зор үлес қосты. Соның ішінде біздің ұсынысымызды қолдаған «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Бас директоры Құрманғазы Есқазиевке алғысымызды білдіреміз» деді.

Нағима апа да шараны ұйымдастырушыларға рахметін айтып, мұнайшыларға, барша қатысушыларға алғысын білдірді. Шара соңында Р.Отарбаевтың халықаралық «Бәйтерек» қорының төрағасы Н.Балғымбаев бас кейіпкерлердің бірі болып табылатын «Бас» пьесасынан үзінді қойылды. Сонан кейін ақын, журналист Б.Жетекбайдың редакциялауымен шыққан «Нұрлан Балғымбаев» атты кітаптың тұсаукесері өтті. Кітап үш бөлімнен тұрады. Онда өмірі, қызмет жолдары, дос-жарандардың естеліктері қамтылған. Кеш соңында Нұрлан Балғымбаевтың өмірі мен қызмет жолдарынан деректі фильм көрсетілді.



ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ – ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚЫСҚАРТУ ЕМЕС

Білікті мамандар – кез келген компанияның табыс кілті. Трансформациялау арқасында ұжымдағы қызметкерлермен қатар процестер және технологиялар алға басады. Бірақ кейбір желілік жетекшілер оның мақсаты мен мәнін бұрмалап, дұрыс жеткізбей отыр. «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы Әмірзақ Шөкеевтің пікірі осыған саяды.

«Біз меритократияны ұстанамыз. Бұл басқарушылық топтағы біліктілігі төмен мамандарды ығыстыруға және ашық конкурс арқылы бәсекеге қабілетті кадрларды қабылдауға мүмкіндік береді. Біздің желілік менеджерлердің кейбірі трансформацияны жұмыстан қысқартумен байланыстырып, оның түпкі мәні мен мақсатын бұрмалап отыр. Қысқартулардың біздің өзгерістер бағдарламасымен ешбір сабақтастығы жоқ», – деп атап өтті Трансформация жөніндегі басқарушы комитеттің отырысында Әмірзақ Шөкеев.

Қор басшысының пікірінше, компанияның негізгі мақсатына байланысты әрбір лауазымның өзіндік рөлі мен орны болуы тиіс. Басты мақсат – «Самұрық-Қазына» АҚ

тобындағы активтердің құнын арттыру. Кез келген лауазым оған жетуде қосқан үлесі бойынша бағалануы тиіс.

«Job matching – ең тиімді процесс, бірақ оның өзіндік қиындықтары бар. Комиссия мүшелері қызметкерлердің лауазымға сәйкестігінің анықтауы тиіс. Бірақ көбі бұл талапқа сәйкес келмей жатады. Қордың бас кеңсесінде менеджерлердің жартысымен қош айтысуға тура келді. Бұл процестің компанияларда қалай жүзеге асырылатынына көңіліміз толмайды. Жетекшілердің көбі өздерінің ізбасарларын тартқысы келіп, объективті процеске субъективті белгілерді қосуға тырысады. Біз оған қарсымыз. Мұндайды байқасақ, нақты сол компанияда Job matching нәтижесін мойындамай, оны қайта өткізілуі», – деп мәселенің мән-жайына Қор басшысы тоқталды.

Трансформациялау – тек қана оңтайландыру ғана емес, қысқарту мақсатындағы қысқарту емес. Тек тиімсіз шығындар қысқартылады. Басқару деңгейі 9-дан 3-ке дейін азайтылады. Бизнес-процестердің реинжинирингіне басымдық беріледі.

«Егер процестердің реинжинирингі жүргізілмесе, онда оларды дұрыс қалыптастыру екіталай. Нәтижесінде дұрыс емес процестер оңтайландырылады. Ал оның зардабы бірнеше есе ұлғая түседі», – деп атап өтті Әмірзақ Шөкеев.

Бұл бағытта ақпараттандыру жүйесін және кері байланысты күшейтуге баса назар аудару қажет.

«Сыртқы және ішкі коммуникациялар, олардың әдісі аса маңызды. Трансформация – өсу бағдарламасы, тиімді жұмыс орындарын құру бағдарламасы екендігін әрбір қызметкерге жеткізу қажет», – деп түсіндірді Қор басшысы.

Аталған мақсат-міндеттерді орындау жолында «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобындағы трансформация бағдарламасының коммуникациялық стратегиясы әзірленді. Оның барысын Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығының бас директоры Ербол Исмаилов айтып өтті.

«Орталық адамдар үшін және адамдар арасында дұрыс тетіктерді іске қосады. Біздің

мақсат – қордың бастамаларын қоржындық компанияларға еш бұрмалаусыз жеткізу. Мысалы, жергілікті жерде қор және еліміз үшін маңызды жобаларды біліктілігі төмен менеджерлер тиісінше атқармай отыр. Олар көбіне өздерінің төмен кәсіби деңгейін трансформацияны желеу етіп бүркемелейді. Мұны «Самұрық-Қазына» АҚ-ның барлық тобы бойынша жасалған біздің зерттеулер дәлелдейді», – дейді Ербол Исмаилов.

Трансформацияның экономикалық тиімділігін Активтерді трансформациялау және оңтайландыру жөніндегі басқарушы директоры Адамас Ильквичюс бағамдады. 2016 жылы көрсеткіш 18 млрд. теңгеден асып жығылған. Биыл трансформациядан түсетін экономикалық пайда 31 млрд теңгені құрайды деп күтілуде. Алдағы 5 жылда оның көлемі 1 трлн деңгейінде болмақ.

«Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығының» материалы бойынша

ТҮСІНІКТЕР

Трансформация жөніндегі басқарушы комитеттің отырысы:

<https://www.youtube.com/watch?v=TvlyrLtVXE&feature=youtu.be>

Job matching – барлық лауазымдарға талаптардың көрсетілуі және оларға, оның ішінде басқарушылық лауазымдарға қызметкерлердің сәйкестігі бойынша берілетін кәсіби баға.

Меритократия – басқарудың қағидасы. Оған сәйкес басқарушылық лауазымдарға әлеуметтік және қаржылық жағдайына қарамастан, қабілетті адамдар тағайындалуы тиіс.

1-бетте

Билғы жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ инженерлері Миланда Епі корпоративтік университетінде және өндірістік нысандарында оқу-тәжірибе курсынан өтті. Осы жылдың қазан айынан бастап негізгі мұнай өндіру компанияларынан 4 топ менеджер Италияға Епі корпоративтік университетіне оқуға аттанды. Бүгінгі форумда Епі, Шелл компанияларының HR қызметі жетекшілері қатысып отыр. Осы орайда Компания басшылығының және барлық

әріптестерінің атынан Сіздерге өзара әріптестік ынтымақтастық қолдауларыңыз үшін алғысымды білдіремін», – деді ҚМГ БӨ аппарат басшысы Б. Асқаров.

Шараға қатысқан «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ адам ресурстарын басқару жөніндегі вице-президенті Серік Әбденов қатысушыларға ізгі тілегін білдіріп, форум жұмысына табыс тіледі. Бұдан соң «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ арасында ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды. Бұл құжат ҚМГ ҰК және ҚМГ БӨ, сондай-ақ олардың еншілес және тәуелді

ұйымдары арасында қызметкерлердің біліктілігін арттыру, озық тәжірибелерді алмасу, жаңа кәсіптік білім алу мақсаттарына арналған.

Бұдан әрі форум жұмысы панельдік сессиямен жалғасты. Компанияда абыройлы еңбек етіп, кейін басқа салаларға қызметке ауысып, биік белестерді бағындырған мамандар аз емес. Панельдік сессияда құрметті орынға осындай қызметкерлер, әріптестер шақырылды. Олар: Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Тарас Хитуов, «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ басқарушы директоры Майя Егімбаева, «Қазақтелеком» АҚ Бас қаржы

директоры, Басқарма мүшесі Асхат Узбеков. Бүгінде «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ мұнайсервистік жобалар жөніндегі басқарушы директоры болып еңбек етіп жүрген Айнұр Шәненова панельдік сессия қонақтары ортасынан лайықты орын алды. ҚМГ БӨ қалыптасу тарихының бастауында болған А. Шәненованың еңбек жолы мұнай саласының дамуына арналып келеді. Кәсіби маманның форумға қатысушыларға айтары, естеліктері де қызықты болды. Панельдік сессияға қатысушы басқа да қонақтардың еңбек жолдары мен естеліктері көпшілікке жылы әсер қалдырды.



«ТАБЫСТЫ ІСКЕ АСЫРЫЛДЫ!»

Форумның алғашқы күні осы тақырыпқа арналды. Бұл күні ҚМГ БӨ және еншілес компанияларында HR қызметі салаларында енгізіліп, табысты іске асырылған жобалар туралы айтылып, мамандар өзара тәжірибе алмасты. Ал, екінші күн «Одан әрі өсіп-өркендейміз!» тақырыбында өрбіді. HR саласындағы жаңа бағыттар, тың жаңалықтарды үйрету үшін Ресейдің, Қазақстанның мамандары әртүрлі тренингтер өткізді. Форумға ҚМГ БӨ ITS ішкі тренерлер мектебінің қатысушылары да белсенді атсалысты. Форум қорытындысында фасилитациялық сессия өтіп, мамандар екі күндік шараны қорытып, алдағы уақытқа жоспарларын бірлесіп пысықтады.

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі департаменті директоры Эльмира Каримова «ҚМГ БӨ» HR даму жолы тақырыбында баяндама жасады. Ол аталған шараның мақсаты – атқарылған ауқымды жұмыстың қорытындысын шығару, өзара тәжірибе алмасып, келешекке жоспарларды құру екенін атап айтты. «Форумның «Адамдар жүрегін сезіну» деген тақырып аясын-

да өтуі кездейсоқ емес. Өйткені, HR адамдармен үлкен жүрекпен ғана жұмыс істей алады. Бұл кез келген сәтте көмек көрсетуге дайын болу. Қуанғанда бірге қуанып, қиналғанда сүйеу болу. Оның қандай формада болуы маңызды емес. Бастысы жүрекпен адамдар жанын түсіну! HR – бұл бір жағынан жұмыс берушінің және әрбір адамның мүддесі жолындағы жұмысты үйлестіретін сала. Сондықтан да сала мамандарын өз кәсібінің нағыз шеберлері деп атауға болады», – деді Э. Каримова.

ҚМГ БӨ құрылған 2004 жылдың көктемі мен 2017 жылдың күзі аралығында ауқымды істер, қызметкерлерді дамытуға арналған тың жобалар жүзеге асырылды. Э. Каримова әр жылға тоқталып, жасалған іс пен оның нәтижесін айтып өтті. Өміршең жобалар аз емес. Олар қызметкерлердің кәсіби өсуіне, шыңдалуына үлкен серпін беріп келеді.

«Әрі қарай қандай жұмыстарды жоспарлап отырымыз? Біріншіден, біздің еншілес компанияларға education day (білім күні) өткізуді ұсынамыз. Екіншіден, біз «ҚМГ өндіру және бұрғылау технологиясы F3I» ЖШС-мен өндірістік қызметкерлер құзыреті картасын дайындау бойынша жұмысты жалғастырамыз және қызметкерлерді оқыту және бағалау бойынша И.М. Губкин атындағы РМУ


басталған жұмысты тәмамдаймыз. Үшіншіден, біз ұлттық компаниямен бірлесіп ҚМГ ҰК компаниялар тобында қызметкерлердің тәжірибе алмасуы бойынша жобаны бастауды жоспарлап отырымыз. Мүмкін бүгінгі шара бізге тіптен тың, күтпеген жаңа жобалардың туындауына мүмкіндік беретін шығар. Барлығыңызға сәттілік тілеймін», – деді Э. Каримова.

Форумның алғашқы күнінде «Өзенмұнайгаз» АҚ Персоналды басқару және еңбекақы төлеу бойынша басқарушы директор Ерболат Сарсенов «Бос орындарды жабу жолдары» туралы, «Ембімұнайгаз» АҚ Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департаменті директорының орынбасары Ғибрат Ауғанов «Еңбекті нормалау арқылы өндіріс тиімділігін қамтамасыз ету», «Қаражанбасмұнай» АҚ персоналмен жұмыс бөлімінің бастығы Жұма Кульбалаева «Қызметкерлердің жұмысқа шығуы бойынша күнделікті мәлімет», «Кен-Құрылыс Сервис» ЖШС персоналды басқару және еңбекақы төлеу бөлімінің бастығы Гүлмира Кульчарова ««Кен-Құрылыс Сервис» ЖШС қайта құрылымдау бойынша атқарылған жұмыстары туралы», «KMG EP-Catering» ЖШС директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Айнұр Айдарова «Өзгерістерді басқару немесе белгісіздіктен по-

зитивке», «ЕМГ» жетекші инженері Серік Шығанов «ЕМГ-де дуалдық оқыту жүйесін енгізу туралы», ҚМГ БӨ аға маманы Ардақ Нұрбаева «Жастар саясаты. Жас мамандар күні» тақырыптарында баяндады.

«ОДАН ӘРІ ӨСІП-ӨРКЕНДЕЙМІЗ!»

Осы тақырыпқа арналған форумның екінші күнінде Эмоционалды интеллект, Digital HR, Scrum, Scribing, HR саласындағы жаңа бағыттар мен технологиялар, Коучинг – HR қызметіндегі тиімді және нәтижелі технологиялардың бірі, Қызметкерлер әлеуетін бағалау, Ағымдағы қызметтегі HR өлшемі, Ақша туралы қарапайым кеңестер, Ішкі коммуникация және корпоративтік газеттің ролі тақырыптарында шеберлік кластары өтті. ҚМГ БӨ ITS ішкі тренерлер мектебінің қатысушылары форум аясында көпшілікпен жұмыс жасап, ойын түріндегі түрлі шараларды да өткізді. Қазынашылық және корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры Алтынай Қонысбаева қаржылық сауаттылықты көтеруге бағытталған шеберлік класын өткізді. ITS ішкі тренерлер мектебінің қатысушылары форумда үлкен аудиториямен жұмыс істеу жақсы тәжірибе болғанын айтты.





БОТАГӨЗ ӘШІРБЕКОВА,
«Қазгермұнай»БК»ЖШС:
– ҚМГ БӨ HR жүйесі өзінің жоғары деңгейімен, тиімділігімен ерекшеленеді. Мұнда теория деңгейіндегі емес, нақты қолданысқа енгізілген жобалар бойынша тәжірибе алмасулар өтуде. Өзара пікірталас, ойларын ортаға салуда. Сондықтан оның пайдасы өте зор. HR қызметі нарыққа қажетті бәсекеге қабылетті қаншама маманды шыңдап, өсірді. 14 жылда қаншама жоба жүзеге асырылды! Форумның практикалық жүгі салмақты.



РУСЛАН МАКАШЕВ,
«Қаражанбасмұнай» АҚ:
– ҚМГ БӨ басшылығына осындай форум ұйымдастырғаны үшін көп рахмет. Біз бүгін бір-бірімізбен жақын танысып, тәжірибе алмасып жатырмыз. Ол өте маңызды деп ойлаймын. Қаражанбаста соңғы екі-үш жылда бірқатар жобалар енгізілді. Мәселен, бұл кадрлық резервті қалыптастыруда «Жаңа толқын» және жас мамандарды жұмысқа орналастырудағы мемлекеттік саясатты қолдау бағытындағы «Жас маман» жобалары.

РИТА ЖҰБАНАЗАРОВА,
«Өзенмұнайсервис» ЖШС:
– Біріншіден, форумның атмосферасы қатты ұнады. Жаңа әріптестерімізбен танысып, ерекше әсерде отырмыз. 5 минутқа шығып кетуге бір нәрсе біле алмай қалатын сияқты боласың. Форумның берері көп болуда. Біз өз кәсіпорнымызда бірқатар жұмыстарды атқарып жатырмыз. Мамандар кәсіби шеберліктерін шыңдауда. Инженер, техникалық қызметкерлер арасында тембилдингтер өткіздік.



АНАРГҮЛ ЖАҚСИЕВА,
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ:
– Ішкі тренерлер мектебі маған үлкен серпіліс берді. Мен өз жұмысымда жаңа белестерді көрдім. Өз әріптестеріммен қарым-қатынасым одан сайын нығайды. Бұл мектеп әртүрлі адамдармен жұмыс істеудің қыр-сырын үйретті. Көп жағдайға көзқарасым өзгерді. Өзімді жаңа адаммын деп айтуыма болады. Форум әсерлі өтті.

ЕРМЕК КӨПТІЛЕЕВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ:
– Биылғы шара өте ауқымды деп айтуға болады. Бізге жақсы жігер беріп жатыр. Өрі қарай дамуға ынталандырады. Көкейде жүрген сұрақтарға жауап табасың. Әріптестеріңді көріп қуанасың. Форумның пайдасы өте мол.

АҚТОТЫ СҮТБАЕВА,
«Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС:
– Биылғы шара ауқымы өте ұнады. Бұл біздің жыл сайын күтетін бас қосу жиналысымыз. ҚМГ БӨ департамент директоры Э. Каримованың тапқырлығына таң қаламын. Форум өзара тәжірибе алмасуға өте пайдалы. Алғысымды айтамын.

НҰРГҮЛ НҰРҒАЛИЕВА,
«Доссормұнайгаз» МГӨБ:
– Мен форумнан өте жақсы әсер алдым. Үйренетін нәрсе көп болды. Форумнан алғанымды еңбек тәжірибемде қолданамын деп ойлаймын. Ұйымдастырушыларға үлкен алғысымды білдіремін.



ГҮЛАЙЫМ ЖАНҚАСЫМОВА,
ӨМГ, Мұнай өнеркәсіп қондырғылары және технологиялық коммуникацияларды жөндеу басқармасы:
– Мен ҚМГ БӨ Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі департаменті директоры Эльмира Каримоваға өте үлкен ризашылығымды білдіргім келеді. Осындай форумға қатысқаным өзім өте қуаныштымын. Тәжірибе алмасуға, өзара қарым-қатынасты нығайтуға көп көмегін тигізеді.

ГҮЛМИРА КУЛЬЧАРОВА,
«Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС:
– Форумның форматы өте ұнады. 2-3 жылдан бері мұнай сервистік компанияларына көп көңіл бөлініп жатыр. Біздің серіктестікте көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Уақыт бір орында тұрмайды. Біз де қызметімізді әрі қарай дамытып, жетілдіреміз. Көздеген мақсаттарға жетуіміз керек.

ГҮЛЬВИРА ЖАКУПОВА,
«Өзенмұнайсервис» ЖШС:
– Биылғы форумның бір ерекшелігі бөлімнің барлық қызметкерлері шақыртылып, қатысып жатырмыз. Бұрын тек қана бөлім басшылары келетінбіз. Келгенде жыл бойы атқарылған жұмыстарды баяндайтын едік. Биыл ерекше өтіп жатыр.

СӘНЖАН СЫРЛЫБАЕВА,
№ 5 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасы:
– Форумға қатысқаным өте қуаныштымын. Шара аясында жақсы бағдарламаларды үйрендік. Атырау, Орал, Қызылордадан келген әріптестерімізбен таныстық. Ой бөлісіп, кәсіби деңгейімізді жоғарылатып, білмегенімізді үйреніп, білгенімізді айтып жатырмыз. Осы форумды ұйымдастырған ҚМГ БӨ-ға мыңда бір алғысымызды айтамыз. Тілегімізді де білдіргіміз келеді. Форум қамтыған шаралар қазақ тілінде де көбірек өтсе деген тілегіміз бар.

ЕРНҰР СӘБИКЕНҰЛЫ,
«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ:
– Қазіргі уақытта өзінің маманы болу аздық етеді. Табысты болу үшін барлық жағынан икемді болу керек деп ойлаймын. Күнделікті өзіңді шыңдап жаңартып отырмасаң бір орында қалып қоясың. Мен өзімнің мамандығымды жетілдіріп қана қоймай коучинг жағынан да дамытуды мақсат еттім. Сол себепті ITS-ке келдім. Мен үшін бұл үлкен мектеп.

6-7-беттерде >>>



АЛТЫНАЙ БЕРЕГЕНОВА,

«Ембімұнайгаз» АҚ;

– Жыл сайынғы семинар кеңеске басшылар қатысатын. Биыл форум деңгейіндегі шараға Ембі басқару аппараты мен 4 МГӨБ және 2 құрылымдық бөлімшеден 32 адам келдік. Кадр бөлімінің және еңбекақы төлеу қызметкерлерінің бәрін алып келуге тырыстық. Қуана қабылдап жатыр. Форумның ұйымдастырылуы жоғары деңгейде.

**ЖҰМА КУЛЬБАЛАЕВА,**

«Қаражанбасмұнай» АҚ;

– Форумда персоналдың күнделікті жұмысқа шығуын тексеру формаларын жетілдіру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндадым. Кен орындарында жұмыс уақытын есептеу жөніндегі барлық журналдар электронды формаға көшірілген. Бұл табель ретіндегі Excel файл. Онда бөлімшенің жұмыскерлері туралы барлық ақпарат бар. Аты-жөні, табельдік номері, лауазымы, мамандығы, разряды, вахтасы, ауысымы және басқа да қажетті мәліметтер қамтылған. Бұл форманы цех бойынша жауапты қызметкер күнделікті толтырып отырады. Форма компания серверіндегі бөлімшенің папкасына орналастырылады. Бұл мәліметтер бізге еңбек демалысын жоспарлауға, компаниядағы нақты тамақтандыруды бақылап отыруға да көп көмектеседі.

**ГУЛДАРИЯ ЖАНАРАЛОВА,**

«Өзенмұнайгаз» АҚ;

– Биылғы 2017 жылғы оқу жоспарымыз бойынша жалпы біздегі 9 мыңға жуық адамның ішінде сыртқы оқуларға 2 мыңға жуық адамды оқытуды жоспарлаған болатынбыз. 3 тоқсан бойынша барлық оқу жоспарымыз орындалды деп айтуымызға болады. Бұл бағыттағы жұмыстарды әрі қарай жалғастырып жатырмыз. Форум кең форматта өтіп жатыр. Алдағы жұмысымызға пайдасы көп деп ойлаймын.

**ГУЛБАНУ ШАРАФЕТДИНОВА,**

«Ембімұнайгаз» АҚ;

– Бұрын біз жылдың соңында есеп беруге жиналатын едік. Ал, биыл ҚМГ БӨ бұл шараны үлкен форум етіп өткізіп жатқанына ризамыз. Өзара тәжірибе алмасып, қарым-қатынасымызды одан әрі нығайтып жатырмыз. Жан-жақтан келген әріптестеріміздің жобалары, сондай-ақ өтіп жатқан шеберлік кластарының берері көп болды.

СӘУЛЕ ШОХАНОВА,

«KMG EP-Catering» ЖШС;

– HR-форумның біздің жұмысымызға тигізер пайдасы өте зор. Әріптестерімізбен кездесіп, тәжірибе алмасамыз. Салада болып жатқан тың жаңалықтар туралы білеміз.



Барлау мен Өндіру
Бұйырған Өлкеде
Басталды Өндіріс
Белгілі Өлшемі

Барлай да Өндіре
Байыппен Өзгертті
Басталған Өндіріс
Батыстай Өңірді

Белестер Өзгерер
Бүгінгі Өмірде
Барлау мен Өндіру
Білгенге Өнеге

Боламыз Өскен ел
Бақытта Өсетін
Болмайды Өрескел
Белестер Өшетін



Радуется Достижениям
Развиваемся Динамично
Респект Добытчикам
Ребята Дружные
Рост Добычи
Результаты Достойные
Радужно Достигнем

Шәнінова
Айнұр Келтірқызы

Форум кезінде холлға қойылған тілек тақтасына қатысушыларға «Барлау Өндіру» басқы екі әріпті қолданып өз ұсыныс, ой-пікірлеріне жазуына мүмкіндік берілді. Тақта көптеген жақсы тілектерге толды. Ал, ҚМГ БӨ мұнай сервистік жобалар жөніндегі басқарушы директоры Айнұр Шәнінова өз кәсібінің шебер маманы ғана емес, суырып салма ақындығымен де әріптестерін тәнті етті.





ТАРАС ХИТОВ,
ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты:

– Форум қонағы ретінде қатысып, бір кездері салада бірге еңбек еткен әріптестерімді көріп қуанып жатырмын. Бір отбасындай бірлікте еңбек еттік. Қазір депутат болып жүргенде өңірлерге барып, мұнай компанияларында болып, біздің мұнайшылармен кездесеміз. Қандай сұрақтар, ұсыныстар бар, бәрі бізге түсіп отырады. Форум жұмысына сәттілік тілеймін. «Маман бәрін шешеді» деген нақыл өз құндылығын жойған жоқ. Кәсіпорындар жұмысы жемісті болып, алға өрлей берсін.



АСХАТ УЗБЕКОВ,
«Қазақтелеком» АҚ:

– Форум керемет ұйымдастырылған. Ұйымдастырушыларға үлкен рахметімді айтамын. Егер компания адам капиталын инвестиция құятын және бағалайтын болса, ол компанияның болашағы зор деп ойлаймын.

Шолпан АЛТЫБАЕВА,
«Теңізшевройл» ЖШС

– Форум идеясы, ұраны маған өте ұнады. ҚМГ БӨ басшылығының форумға қолдау көрсетуі – компания үшін адам ресурсы басты құндылық екенін көрсетеді. Мен де үш жылдай осы компанияда жұмыс істедім. Көптеген қызықты жобаларды іске асырдым. Көптеген бұрынғы қызметкерлер осы форум қонағы ретінде үлкен ықласпен қатысты. Өйткені, жұмыс беруші қызметкерін сыйлайтын, еңбекті бағалайтын компания осындай болуы керек. Мұндағы атмосфера бәрі ұнады. Бәрі кәсіби тұрғыда жасалған. Мен ҚМГ БӨ HR қызметінің осындай деңгейде жұмыс істейтініне шын көңілден өте қуаныштымын.



Дуалдық оқытудың көмегі тиді

– Мен Атырау мұнайгаз университетінің мұнай факультетін биылғы жылы бітірдім. Оқып жүрген кезімізде «Ембімұнайгаз» АҚ студенттерді дуалды оқыту бойынша пилотты жобаны іске қосқан болатын. Оның талаптары да оңай болмады, бірақ «Талаптыға нұр жауар» демекші, таудай талабымыздың арқасында осы жобаға ілігіп, жарты жыл бойына вахталық әдіспен жұмыс жасап, өндірісте болдық. Ол үшін «Ембімұнайгаз» АҚ дайындаған арнайы шәкіртақы да алып отырдық. Ал институтқа

келгенде білімімізді толықтырамыз. Осылайша дуалдық оқу жүйесі бізге үлкен тәжірибе әрі көмек болды. Ал биыл жазда дуалды оқытудан өткендерге жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар екенін білдік. Тест сұрақтарынан өтіп, тағы бағымызды сынадық. Нәтижесінде бірнеше бала жұмысқа қабылданды, олардың ішінде мен де бармын. Бүгінде «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Батыс Прорва кен алаңында еңбек етіп жатырмын. Жұмысым жақсы, өзіме ұнайды. Цех бастығы Мұқашев Қабдрахман аға, өзімнен

бірер жыл бұрын бітірген Мұрат, Максим есімді әріптестерім ағалық ақылдарын айтып отырады. Шыны керек, қазіргі кезде жұмысқа орналасу жас маман үшін қиын нәрсе. Бізге «Ембімұнайгаз» АҚ-ның дуалдық оқыту жүйесі көп көмек болғаны рас, сол үшін ризамын.

Жумабек Геннадиев,
АтМГУ мұнай факультетінің түлегі,
Батыс Прорва МГӨЦ №3 бригадасының
мұнайгаз өндіру операторы



«Татнефьртмен» тәжірибе толықтырдық



Биылғы жылдың маусым айында «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты Прорва тобы кен орындарында газды кешенді дайындау Қондырғысы (бұдан әрі «ГКДҚ» немесе «Қондырғы») іске қосылған болатын. Соған орай жаңа зауытқа мамандар тартылды. Мен Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің инженер-техник факультетін химик-технолог мамандығы бойынша бітірген едім. Шетелдік, отандық компанияларда еңбек еттім, біраз тәжірибе жинақтадым. Бүгінде Прорва газ қондырғысында пульт операторы болып еңбек етемін. Қондырғының ерекшелігі

сол, Қазақстанда алғаш рет күкірт алу үшін MERICHEM фирмасының LO-CAT патенттелген технологиясы қолданылып отыр. Аталған технология экологиялық зиянсыз, улағыш химикаттары жоқ және зиянды әсері бар қалдықтарды шығармайды, күкіртсутегін жоюдың тиімділігі жоғарылығын қамтамасыз етеді. Газды дайындаудың барысы толық ароматталған және өндіріс кезінде апатты жағдайларға қарсы бірнеше қорғаныс түрлерін қарастырады. Қуаттылығы жылына 150 млн. м3 ілеспе мұнай газын кәдеге жаратуға арналған. Бұл алып зауыт. Жұмысқа кіріспес бұрын ЕМГ кадр бөлімінің

жіберуімен 60-қа жуық маман Татарстанның Альметьевск қаласында тәжірибеден өттік. Біздің де үйренеріміз, оларға да үйретеріміз бар екен. Соның ішінде, LO-CAT – әлемдегі озық технология. Осы жаңа технология бойынша жұмыс жасаудың маңызы мен үшін ерекше. Мұнда бәрі автоматтандырылған, еңбек қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінеді. Нәтижесі де мол болады деп күтілуде.

Еділ Тақбаев,
Прорва газ қондырғысының
пульт операторы

Білікті маман боламыз

– «Ембімұнайгаз» АҚ дуалдық оқыту жүйесі бойынша 2016 жылдың қыркүйек айынан бастап 2017 жылдың қаңтар айына дейін «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай кен орнында вахталық әдіспен жұмыс жасадым. Ол өндірістік практика маған көп көмек берді. Оқу орны қабырғасында теориялық білім алғанмен, «қолмен ұстап, көзбен көрген» бөлек қой. Тәжірибе кезінде қайнарлық білікті мамандар біздерге жан-жақты қолдау білдіріп, жұмыстың қыр-сырын үйретті. Ұңғыма деген

не, шыбық деген не, мұнай қалай алынады, қалай айдалады, ондағы қауіпсіздікті қалай сақтау керек, т.б. өндіріске қатысты көптеген мәселелерді үйрендік. Енді бүгінде соның «жемісін» жеп жатырмыз. «Ембімұнайгаз» АҚ ұйымдастырған тесттен жоғары балл алдым. Содан біраз уақыт өткен соң жұмысқа қабылданғаным жөнінде хабар жетті. Арнайы киім алып, өндіріс қайдасың деп тартып отырдым. 2017 жылдың шілде айынан бастап «Терең-Өзек» кен алаңында ұңғымаларды

зерттеу операторы (3-разряд) болып еңбек етемін. Цех бастығы Ерлан Қондыбаев. Ал өзімнен тікелей жұмыс жасайтын ұңғымаларды зерттеу цехының бастығы Оңғаралиев Бауыржан аға, олардың мол тәжірибесі бізге үлгі. Ата-анам да мұнайшы болған, біз де білікті маман болуға талпынамыз.

Абай Текеев,
Терең-Өзек кен орны
ұңғымаларды зерттеу операторы





«Ембімұнайгаз» АҚ-да зейнеткерлік жасқа жеткен мамандарды демалысқа құрметпен шығарып салу дәстүрі жыл сайын жалғасып келеді. Жуырда зейнет жасына жеткен үш бірдей қызметкерді әріптестері ұлығлап, құрмет көрсетті.

Мұрат Нысанбаев – кәсіподақ саласының ардагері, ширек ғасыр бойына мұнайшылар кәсіподағында үзбей еңбек етті. Біліміне сай еңбек жолын автослесарлықтан бастаған ол өз ісінің шебері екенін дәлелдеп, сатылай жоғарылады. Механик, қауіпсіздік инженері, орталық диспетчерлік қызмет басшысы міндеттерін жоғары деңгейде атқарды. 1989 жылы «Эмбанефть» ӨФ технологиялық транспорт басқармасының, ал 1994 жылдан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ кәсіподақ ұйымының

төрағасы лауазымында 2014 жылға дейін еңбек етті. Соңғы жылдары ЕМГ ӨТҚЖЖК басқармасы бастығының орынбасары болып жасады. Мұрат Әжібайұлы еңбек еткен жылдарында кәсіподақ тарапынан мұнайшыларды құқықтық қамтамасыз ету, мүддесін қорғау, бірлігін сақтау, қамқорлау бағытында өзінің сауаттылығын көрсетіп, асқан жауапкершілікпен жұмыс жасады. 25 жыл бойына ұжымның сеніміне ие болу оңай емес. Ол ұжымдық шарттың жұмысшы мүддесіне қарай құрылуына және соның мүлтіксіз орындалуына айтарлықтай еңбек сіңірді.



«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ әлеуметтік бөлім басшысы Сәдірғали Әділов – 1972 жылдан Прорва кенішінде қарапайым жұмысшылықтан бастап, жоғары білім

алған соң, бухгалтерия, сауда бөлімдерінде, ал соңғы 10 жылында әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі басшысы болып, мұнайшылардың барлық әлеуметтік мәселелерін шешуде абыройлы еңбек етті. Ол ұжымда беделі биік, мерейі үстем маман, сыйлы әріптес, шебер ұйымдастырушы, жас буынмен өз тәжірибесімен бөлісуден шаршамайтын ұлағатты ұстаз, ардақты аға бола білді. Мұнай саласына 45 жылын арнаған Сәдірғали ағаны жылыойлық әріптестері еңбек демалысына құрметпен шығарып салды.

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ әлеуметтік бөлім басшысының орынбасары қызметін атқарған Ботагөз Құлғалиеваның өмір жолы да өнегеге толы. Ол еңбек жолын жастардың ең белсенді саласы – комсомол жұмысынан бастаған. Алматының атақты нархозын бітірген қаршадай қыздың өз ісін сүйсіне атқарғаны сондай, сол кезде ауыл жастары өмірін мәнге толтырып, өзі бірге қанаттанды. Ұзақ жылдар совет-партия органдарында, тәуелсіздік таңы атқан жылдарда мемлекеттік қызмет істерінде абыройлы еңбек еткен. Қандай істің де тетігін таба білген жан. Исатай аудандық «Жалын»

мәдениет үйінде өткен салтанатты жиында әр саладағы көптеген әріптестерінің лебінен Ботагөз апаның адами келбеті молынан ашылып, еліне сіңірген еңбегі айшықтала түсті. Ол зейнеткерлікке дейінгі соңғы жеті жылын «Жайықмұнайгаз» МГӨБ әлеуметтік бөлімінде абыроймен атқарды. Мұнда да сала жұмысын жандандырып, мұнайшылардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына зор үлес қосты. Үш зейнеткердің де еңбек жолдарында алған атақ-дәрежелері, марапаттары көп. Ұжым басшылығы, әріптестері оларды көп жылғы еңбектің зейнетін көру шағымен құттықтап, зор денсаулық, отбасы қуанышын тіледі.



Еңбегі елеулі мамандар

Өткен өмір өнегесі – адамның жастайынан бойына сіңірген білімі мен алған тәлім-тәрбиесі, көрген тәжірибесі мен атқарған тынымсыз еңбегінің нәтижесімен өлшенеді. Әрбір азаматтың ел ағасы атанған шағында отбасында қадірлі, ортасында сыйлы, қызметте құрметті болмаса ер атына сын келері сөзсіз.

Қазан айының 20-жұлдызында «ӨзенМұнайСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі саналы ғұмырын қызметке арнап, адал еңбекті жанына міндет еткен азамат Агилаев Кенжебек Қабылұлын зейнеткерлік демалысына шығарып салды. Шараға серіктестік басшылығы мен ұжым қызметкерлері қатысты. Жиын барысында зейнеткерді «ӨзенМұнайСервис» серіктестігінің бас директоры Н.Д.Союнов құттықтап, ұжым атынан сый-сияпат табыстады.

Аяулы алпысты еңсерген ардагер қызметкер 1998 жылы бұрынғы «КРУЗ» мекемесіне бұрғышының көмекшісі болып жұмысқа қабылданған. Содан 19 жыл бойы тапжылмастан еңбек етіп, абыройлы зейнет демалысына шығып отыр.

– Ерінбей еңбек еткен жан нанын алаңсыз жейді. Қай кезде де адал еңбектің бағасы биік. Бүгінгі күніме жеткенім үшін шүкір айтамын. Сонымен қатар, өз әріптестеріме, «ӨзенМұнайСервис» серіктестігіне ерекше алғысымды білдіремін. Сүйікті ұжымға толағай табыстар мен үлкен жеңістер тілеймін»-дейді Кенжебек Қабылұлы өз сөзінде.

Қазіргі таңда бір ұлдың әкесі, үш немеренің ақылшысына айналған қарттың өткен күндерде тұрақты қызмет етіп, ісіне жауапкершілік танытқандығының арқасында қызметкер 2014 жылы «КРУЗ» мекемесі «Кәсіподақ» ұйымының және «ӨзенМұнайГаз» АҚ-на 50 жыл толуына орай алғыс хатпен марапатталған. Ал, 2017 жылы «ҚазМұнайгаз»



БӨ АҚ-ның алғыс хаты мен сонымен қатар жақында ғана атап өтілген «Скважиналарды күрделі жөндеуге 45 жыл» толған мерейтой аясында шараның мерекелік медалін иемденген.

ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ!

Скажем коррупции СТОП!

АО «РД «КМГ» в рамках совершенствования корпоративных политик в области противодействия коррупции, внедрило «горячую линию», доступ к которой доступен 24 часа в сутки, 7 дней в неделю посредством электронной почты report@seehearspeakup.co.uk

или на сайте www.seehearspeakup.co.uk/ru/file-a-report, также позвонив на следующие телефонные номера (звонок бесплатный):

для русскоговорящих:
8 800 333 3574
для казахскоговорящих:
8 800 333 4233
для англоговорящих:
8 800 333 4244

Обращения, в том числе анонимные, поступающие на «горячую линию», рассматриваются Службой внутреннего аудита АО РД КМГ, иными структурными подразделениями, либо рабочими группами, обеспечивая надлежащий уровень независимости и объективности.

По поступившим в текущем году обращениям проведена соответствующая работа и приняты необходимые меры реагирования.

Сотрудникам гарантируется анонимность и конфиденциальность.



ҚҰЛАҚТАНДЫРУ!

Құрметті әріптестер!

Егер өндірістік қарым-қатынастар, еңбекті қорғау және қауіпсіздік, тұрмыстық жағдайлар мен еңбек ережелеріне қатысты шағым немесе ұсыныстарыңыз болса, **8 771 054 45 70** нөміріне **WhatsApp** желісі арқылы байланысуға болады. Желі тек SMS-хабарламаларды ғана қабылдайды (қоңырау қабылданбайды). Анонимдік қамтамасыз етіледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ қоғаммен байланыс қызметі

Уважаемые коллеги!

При наличии жалоб и предложений, касательно производственных отношений, охраны и безопасности труда, бытовых условий и трудовой дисциплины, Вы можете направить их на мобильный номер **8 771 054 45 70** **WhatsApp**. Линия поддерживает только прием сообщений, без звонков.

Анонимность гарантируется.

Служба по связям с общественностью АО «Эмбаунайгаз»

МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде
есепке қойылып, № 6668-Г кәулігі берілген.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

010000, Астана қаласы,
Қабанбай Батыр даңғылы, 17 үй,
11 қабат, 1102 бөлме.

- ♦ ГАЗЕТ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫНДАҒЫ АВТОР ПІКІРІ РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.
- ♦ РЕДАКЦИЯ ОҚЫРМАН ХАТТАРЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЙТАРМАЙДЫ.
- ♦ «Мұнайлы мекен» ГАЗЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МАТЕРИАЛДАР КӨШІРІЛІП БАСЫЛСА, СІЛТЕМЕ ЖАСАЛУЫ МІНДЕТТІ.
- ♦ ЖАРИЯЛАНҒАН СУРЕТТЕРДІҢ САПАСЫНА РЕДАКЦИЯ ЖАУАП БЕРЕДІ.

ШЫҒАРЫЛЫМДЫ ДАЙЫНДАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:

Бақдәулет Төлеген – B.TOLEGEN@KMGEP.KZ
Жұмағұл Темірғали – Zh.TEMIRGALI@KMGEP.KZ
Бибығұл Бөбекбай – P.SDSO@UMG.KMGEP.KZ
Лаура Сүлейменова – L.SULEIMENOVA@EMG.KMGEP.KZ
Ғалия Қаражанова – G.KARAJANOVA@EMG.KMGEP.KZ
Қосұйым Мұқашев – K.MUKASHEV@EMG.KMGEP.KZ
Алтынгүл Әлішерова – A.ALISHEROVA@KGM.KZ
Жаңағұл Серікова – Zh.SERIKOVA@KMGEP.KZ
Диана Қалқамбекова – D.KALKAMBEKOVA@KMGEP.KZ

Байланыс телефоны: +7 (7172) 97 78 93

Эл.почта: MUNAILYMEKEN@KMGEP.KZ

Газет айына 2 рет шығады, Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «SAMRUK INVEST GROUP» ЖШС

Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы, 41-үй, 476 кеңсе.

Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар - АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17

тел.: +7 (7132) 21 19 30